

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ЖАҒДАЙЫНДА ІС-ШАРАЛАРДЫ
(АШЫҚ ЕСІК КҮНІ, МЕРЕКЕЛЕР, ЕРТЕҢГІЛІКТЕР ЖӘНЕ БАСҚАЛАР)
ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ
МЕРОПРИЯТИЙ (ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ, ПРАЗДНИКИ,
УТРЕННИКИ И ДР.) В УСЛОВИЯХ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ**

Астана 2023

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқалар) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар: Әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2023. – 54 бет.

Пікір жазғандар:

Г.К. Ибрагимова, PhD доктор;

Г.Т. Бултекова, меңгеруші;

Ж.Т. Танжарикова, әдіскер.

Әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқаларды) өткізу бойынша ұсынымдар қарастырылған. Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен әдіскерлеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 27 сәуірдегі №4 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған.

Балаларды ерте дамыту институты, 2023 жыл

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту білім беру жүйесінің бірінші деңгейі болғандықтан білім беру жүйесіндегі келесі деңгейлер сапасының қандай болатынын айқындайды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде балалардың жетістіктеріне және педагогтердің құзыреттілігіне ата-аналардың қанағаттану деңгейін арттыру жұмыстың маңызды бағыттарының бірі. Осыған сәйкес Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқалар) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды»-деп атап көрсетілген [1, 4].

Қазақстандағы қазіргі мектепке дейінгі педагогикада мониторингтік және диагностикалық зерттеулер әзірге сирек кездесетін құбылыс, бірақ оларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қолдану басқарылатын жүйенің шынайы бейнесін, ондағы өзгерістерді көруге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы білім беруді жаңғырту жетекші үрдістердің бірі, сапаны жетілдірудегі мәселелерге назар аудару, оның шешімдерін табуда тұжырымдамалық тәсілдерді әзірлеуді талап етеді. Білім беру жүйесін жаңғырту әлеуметтік және педагогикалық сипаттағы бірқатар міндеттерді шешуді жобалайды.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты балалардың жетістіктеріне және педагогтердің құзыреттілігіне ата-аналардың қанағаттану деңгейін арттыру болып табылады. Сонымен қатар балалардың жетістіктеріне және педагогтердің құзыреттілігіне ата-аналардың қанағаттану деңгейін арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДАҒЫ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ САПАСЫНА АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚАНАҒАТТАНУЫ

Қазіргі қоғамда педагогтер мен ата-аналар балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мектепке дейінгі білім берудің заманауи сапасының жетістіктерімен ашық, инновациялық қоғамға көшу жағдайында мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтарына көбірек көңіл бөледі.

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқалар) өткізу кезінде балалардың жетістіктеріне және педагогтердің құзыреттілігіне ата-аналардың қанағаттану деңгейін арттыруға бағдарлану қажет.

Әлеуметтік аспектіде балалардың жетістіктері мен педагогтердің құзыреттілігіне ата-аналардың қанағаттану деңгейі ата-аналардың нақты сұранысына тәрбиелеу-білім беру қызметтерінің сәйкестігімен айқындалады.

Осыған орай, ата-аналардың балалардың жетістіктеріне қанағаттануы мектепке дейінгі білім беру сапасының көрсеткіші деп айтуға болады.

Білім берудегі вариативтілік қағидатын іске асыруға сәйкес мектепке дейінгі білім берудің сапасын, сонымен қатар педагогтің тұлғаға-бағдарланған тәрбиеленушілермен өзара әрекетін, педагогтің ата-аналармен табысты өзара әрекетін педагогикалық аспект айқындайды [2].

Мектепке дейінгі білім беру сапасының ең маңызды белгісі тұтынушының оның жағдайына қанағаттануы болып саналады. Бұл жағдайда біз балалардың ата-аналары туралы айтып отырмыз, олар балаға көрсетілген білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттануы керек.

Отбасы мен балабақша – қоғамда негізгі рөл атқаратын екі қоғамдық институт, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру кезінде бір-бірін тыңдау өзара түсіністік, әдептілік, шыдамдылық сияқты сапаларды меңгеруі қажет.

Ата-аналар баланы тәрбиелеу мен дамытуда тек қана мектепке дейінгі ұйым ғана емес өздері де жауапты екенін ұмытпауы тиіс.

Өкінішке орай, тәрбиеленушілердің ата-аналары көбінесе жұмыста болғандықтан мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы ақпаратты интернет, теледидар және басқа да ақпарат көздерінен алады.

Бірақ, әртүрлі ақпарат көздерден қабылданған білім келесідей себептерге байланысты: жалпылама, балаға қатысы жоқ және ақпарат күрделі түрде берілгендіктен ата-аналарға әдістемелік көмек көрсете алмайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасына ата-аналардың қанағаттану дәрежесін арттыру мақсатында отбасы институтын сақтау, оларды балабақшада өміріне тарту бойынша ата-аналармен жұмыстың жаңа түрлерін қолдану қажет.

Ата-аналар балабақшадағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын жақсы түсінбейді, кейде тәрбиешілердің кеңестері мен өтініштерін тыңдамайды. Көбінесе сыртқы бақылаушылар ұстанымын білдіреді. Педагогтер мен ата-аналар үнемі өздерін пікірлес сезінбейді, сондықтан да бірлескен әрекет балалардың жеке ерекшеліктерін тануға ықпал етеді. Педагогтер мен ата-аналар арасында бір –бірін түсінбеушілік жиі кездеседі.

Осылайша, балабақша мен отбасы диалогы өзара ынтымақтастық пен өзара көмекке негізделуі тиіс, нәтижесінде жұмсалған барлық күш-жігер бала тәрбиесіне оң ықпал етуі тиіс.

Бұл жағдайда отбасымен өзара әрекеттің әр түрлі іс-шараларын белсенді қолдану, ата-аналардың пікірін тыңдау, олар үшін ыңғайлы уақытта қарым-қатынас жасауға көбірек уақыт бөлу ұсынылады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ЖАҒДАЙЫНДА ІС-ШАРАЛАР (АШЫҚ ЕСІК КҮНІ, МЕРЕКЕЛЕР, ЕРТЕҢГІЛІКТЕР ЖӘНЕ БАСҚАЛАР)

Ата-аналармен жұмыстың бір түрі әр түрлі іс – шараларды ұйымдастыру және өткізу болып табылады. Әр түрлі іс – шараларды ұйымдастыру және өткізу ата-аналарға балабақшамен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен, осы мектепке дейінгі ұйымның ғана емес, сонымен бірге жалпы мектепке дейінгі білім берудің тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерімен танысуға мүмкіндік береді.

Ашық есік күндері, мерекелер мен ойын-сауық балабақша мен отбасының өзара әрекетін жүзеге асырудағы педагогикалық қызметтің танымал түрі болып табылады.

Ашық есік күндерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсынымдар

Ата-аналарды білім беру процесіне тарту педагог жұмысының маңызды бағыттарының бірі, ашық есік күндерін өткізудің барлық қатысушыларға пайдасы зор.

Біріншіден, топта және одан тыс жерлерде болып жатқан оқиғаларға ата-аналар өздерінің қатысын біле бастайды.

Екіншіден, ата-аналардың топта болуы белгілі бір білім беру мәселелеріндегі өз сенімсіздіктерін жеңуге, қызықты сұрақтарға жауап табуға және нәтижесінде жаңа дағдыларды меңгеруге көмектеседі.

Үшіншіден, балаларды бақылау ата-аналарды барлық балалардың әр түрлі, өзіндік ерекшеліктері бар екенін түсінуге жетелейді. Осылайша, ата-аналар баласын басқа балалармен салыстырмай, жетістіктерін біліп, оны қабылдауға және жақсы көруге үйренеді. Қорытындылай келе ата-аналар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының қолдаушысы болатындығын және тәрбиешілерге сенетіндігін байқаймыз.

Ашық есік күнін өткізудің мақсаты ата-аналар мен педагогтер арасында сенімді қарым-қатынас орнату, балаларды бірлесіп тәрбиелеу міндеттерін айқындау және оларды іске асыру болып табылады.

Топтардағы педагогтер, тәрбиеленушілердің ата-аналары қатысушылар болып табылады. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің басшылығымен іс-шаралар өткізу жүзеге асырылады. Жұмысқа қажет болған жағдайда балабақша мамандары: педагог – психолог, әлеуметтік педагог, логопед-мұғалім, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі қамтылуы мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйым іс-шараны өткізу кезінде қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ерекше назар аударуы тиіс. Мектепке дейінгі ұйымның аумағына бөгде адамдардың кіруін болдырмау үшін алдымен қатысушылардың тізімін жасау, атаулы шақыру билеттерін дайындау маңызды.

Қатысушыларды тіркеу қажет. Ашық есік күні балабақшаға барған кезде ата-аналарға құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы алдын-ала ескерту қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдағы ашық есік күнін әр түрлі нысанда өткізуге болады. Іс-шараның сценарийі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, нақты балабақша қызметінің мүмкіндіктері мен бағыты, педагогикалық ұжымның шығармашылығы негізінде жасалады.

Мектепке дейінгі ұйымда осындай іс-әрекетті жүргізуге бірыңғай талаптар қойылмайды.

Бірінші кезекте іс-шара жоспарын құрып, оны әдіскермен келісіп, мектепке дейінгі ұйымның басшысымен бекіту қажет.

Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізу жоспары мүмкіндігінше ата-аналардың сұраныстарын, олардың тілектерін ескере отырып жасалады, балабақша қызметінің әртүрлі бағыттарын қамтиды және жұмыстың әртүрлі нысандарын қамтиды.

Ата-аналардың сұраныстарын анықтау үшін сауалнама жүргізуге болады. Сауалнама педагогке балалар әрекетінің түрлерін анықтауға көмектеседі. Ашық есік күндері апта бойы өткізілуі мүмкін, әр күн ата-аналардың қызығушылықтарына сәйкес белгіленеді.

Мұны жоспарланған ата-аналар жиналысы кезінде немесе WhatsApp мобильді қосымшасын пайдалану арқылы іске асыруға болады.

Келесі қадам Ашық есік күндерінің әр күнінің құрылымы мен күндері анықталып, жоспар дайындалып, бекітілгеннен кейін жүзеге асады, бұл іс-шараны өткізу бойынша барлық ақпарат орналастырылуы мүмкін бөлме дайындау, балалардың салған суреттері мен қолдан жасаған қолөнер бұйымдарымен безендіру. Түрлі-түсті шақырулар орналастырылады.

Әр күн ата-аналармен кездесуден және тіркелуден басталады.

Іс – шаралардың соңында ата-аналар кешін өткізуге болады. Бұл іс-шараларды мектепке дейінгі ұйым мамандары мен ата-аналар бірлесіп өткізеді. Мамандар ата-аналармен қызығушылықтары бойынша топтарда еркін сөйлесіп, өз отбасыларындағы әртүрлі жағдайларды шешу тәжірибесімен алмасып, мамандардан әдістемелік көмек алады. Мұндай іс-шаралар кездесетін қиындықтарды басқаша қабылдауға, баланың жеке ерекшеліктерін жақсы түсінуге, тәрбиелеу мүмкіндіктерін кеңейтуге, балабақшаның беделін және ата-аналардың педагогикалық ағарту деңгейін арттыруға көмектеседі.

Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Әрбір мектепке дейінгі ұйымда мерекелер мен ойын-сауықтарды атап өту дәстүрі сақталады.

Балабақшада мерекені дайындау және өткізу - бұл тәрбиешілердің, музыкалық жетекшінің және басқа қызметкерлердің балалармен бірлескен әрекетін қажет ететін жұмыс. Бұл жұмысты ұйымдастыру үшін барлық қатысушылар мерекені дайындаудың барлық кезеңдерін жоспарлап, бірізділікпен әрекет етуі тиіс.

Педагог мерекені өткізу үшін сценарийді тандайды және әдістемелік кеңесте оны әріптестерімен талқылайды. Мектепке дейінгі ұйымның, жас

топтарының нақты жағдайларын ескере отырып, түзетулер енгізіледі. Балалардың қызығушылықтарына сәйкес мерекені ұйымдастыру маңызды.

Мерекені дайындауға балабақшаның барлық педагогикалық ұжымы қатысады, бірақ музыкалық жетекші мен жас тобындағы тәрбиешілерге ерекше рөл беріледі. Сценарий құрылымына балалар нақты және мәнерлі орындайтын музыкалық репертуардағы әндерді, өлеңдерді, билерді белгілі бір ретпен қосу керек.

Таңдалған репертуар (әндер, билер, сахналау) қолданыстағы бағдарламаның талаптарына және педагогикалық сабақтастықпен тәрбиелік міндеттерге сәйкес келуі тиіс.

Репертуарды таңдау кезінде әр тәрбиеленушінің және жалпы топтың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру керек, мереке балаларға арналғанын және олар оның белсенді қатысушылары екенін есте сақтап, мерекені балалардың жас ерекшелігіне сәйкес келетін шығармалармен өткізілуі тиіс. Қазіргі уақытта композиторларда балаларға арналған көптеген шығармалары бар, бірақ бұл әндердің музыкалық құрылымы кейде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді. Сондықтан балалар орындай алатын, музыкалық құрылымы бойынша қарапайым әндерді таңдау керек, мерекелік сценарий құрылымымен сәйкес болуы тиіс.

Мерекелердегі сахналық қойылымдар тәрбиеленушілердің диалогтік сөйлеуін дамытуға, монологты байланыстырып құра білуге, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жақсартуға және т. б. ықпал етеді.

Сахналық қойылымдарға арналған материалды таңдағанда, балалардың жас ерекшеліктеріне және жеке мүмкіндіктеріне назар аудару керек, сонымен бірге балалардың өмірлік тәжірибесін байыту, жаңа білімге деген қызығушылықты ояту, шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту қажет.

Сахналық қойылымдарға арналған материалдар қатыгездік, дөрекілік пен зорлық-зомбылық жоқ, қызықты сюжеттерді қамтуы тиіс.

Мерекелер мен ойын-сауық кезінде аудио жазбаларды пайдалануға болады. Сапасы төмен жазбалар жиі кездесетіндіктен, фонограмманың шамадан тыс мөлшері балалардың есту қабілетінің қалыптасуына теріс әсер етеді.

Ойындар мен билерге ерекше назар аудару керек. Балалар үшін аналары, әкелері, әпкелері мен ағалары қатысатын жарысу сәттері бар, ойындар өте қызықты. Педагогтер ойындарды қолдана отырып, олар сценарийдің бөлігі екенін және мерекенің мазмұнымен үйлесуі керек екенін есте ұстаған жөн.

Мереке күндері балабақша бөлмесін безендіру үлкен маңызға ие. Залдың дизайны салтанатты іс-шараға сәйкес безендіріліп, топ бөлмесінің дизайнынан ерекшеленуі тиіс.

Мереке қарсаңында балабақша үй-жайларын безендіруге қойылатын талаптар:

- материалдар мен жабдықтар балалар үшін қауіпсіз болуы керек;
- үй-жайларды безендіру мерекенің мазмұнына сәйкес келуі және балаларға түсінікті болуы тиіс;
- балалардың көңіл-күйін көтеру, алдағы мерекеге қызығушылық тудыру маңызды.

Ансамбльдер мен балалар музыкалық аспаптар оркестріне арналған билерді жеке немесе шағын топпен үйретуге болады.

Жүргізушіні таңдауға ерекше назар аудару керек. Жүргізуші бағдарламадағы (сценарийдегі) әрекеттердің реттілігін біліп қана қоймай (өлендер, әндер, билер, ойындар мен спектакльдер және т. б.), сонымен қатар балалармен және қонақтармен (ата-аналармен және т. б.) еркін сөйлесе білуі тиіс, сонымен қатар ертеңгілік уақытында кенеттен жағымсыз жағдайлар орын алса, қалыптасқан жағдайдан шыға білуі керек.

Осыған байланысты жүргізушінің рөлі музыкалық қабілеті, актерлік шеберлігі бар, көпшілік алдында өзін еркін ұстай алатын, анық, мәнерлі сөйлей алатын педагогке беріледі.

Мерекеде өнер көрсету үшін кейіпкерлердің рөлдерін орындау үшін кәсіби әртістерді, ата-аналарды, мектеп оқушыларын тартуға болады, бірақ мұның бәрі сценарийде көрсетілуі керек.

Музыкалық жетекшінің тікелей міндеті музыкалық шығармалардың толық дыбысталуын және олардың дұрыс орындалуын қамтамасыз ету.

Музыкалық жетекші балаларды мәнерлі орындауға үйрете отырып, ән айтуда музыка тыңдауға және биде ырғақты қимылдарды орындауға ерекше назар аударуы керек.

Мереке бағдарламасы балаларға толық таныс болмауы тиіс.

Бірақ, мерекеден бірнеше күн бұрын балалардың 2-3 шағын тобын біріктіріп бір-екі рет ұзақ емес (10 минутқа дейін) репетиция өткізген орынды, репетиция ортақ хороводтарды орындау, орынын ауыстыру кезінде бағдарлануға, ансамбльдің тең қатысушысы ретінде өзін сезінуге көмектеседі.

Мерекелерді балабақшада өткізген кезде белгілі бір нұсқауларды (*Қосымшаны*) ұстану керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және т.б.) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу заман талабына сәйкес тәрбиеленушілердің табысты әлеуметтену үшін жаңа тәсілдерді жүзеге асыруға бағдарланған.

Мектепке дейінгі ұйымдар жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқалар) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әр түрлі жағдайларда күрделі әрекетті жүйелі, тиімді және сенімді орындайтын адамдардың ерекше қасиеті ретінде кәсіби сапаларға педагогтер мен ата-аналардың назарын аударуға бағытталған [5].

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқаларды) өткізуде ата-аналардың балалардың жетістіктеріне және педагогтердің құзыреттілігін қанағаттану деңгейін арттыру мектепке дейінгі ұйым қызметінің тиімділігінің өлшемі ретінде қарастырылады, бұл бірқатар міндеттерді шешуге әкеледі:

- мектепке дейінгі білім беру мен отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу мен дамытуды оңтайландыру мақсатында мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушілердің ата-аналары арасында тиімді өзара әрекеттерді қамтамасыз ету;

- отбасылардың жеке ерекшеліктерін, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілердің ата-аналарына психологиялық-педагогикалық білім беру;

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;

- ата-аналардың балабақша қызметкерлерінің педагогикалық қызметі туралы түсініктерін кеңейту және басқалар.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқаларды) өткізу пікір алмасуға, талқылауға, мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен қызметкерлерінің ата-аналармен өзара әрекетін іске асыруға; мектепке дейінгі ұйым мен отбасының күш-жігерін біріктіруге; ата-аналарға құрметпен және түсіністікпен қарауға көмектеседі

Педагогтер де, ата – аналар да баланың ерекше тұлға екенін есте ұстауы тиіс, сондықтан да әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оның даралығын бағалап, қолдап, дамыту керек.

Бала педагогтен әрқашан оған жеке қолдау көрсетуге және көмекке келуге дайын адамдарды көруі керек.

Ата-аналардың балалардың жетістіктеріне және педагогтердің құзыреттілігіне қанағаттану деңгейін арттыру үшін ата-аналардың сұраныстары мен ұсыныстарын ескеру, олардың балабақша мен топ өміріне қатысуын жоғары бағалау; балаларды тәрбиелеу және дамыту қағидаларына деген көзқарасты өзгерту және оларды жалпы әдістердің жиынтығы ретінде емес, баланың бұрынғы тәжірибесін ескере отырып, психологиялық жас ерекшеліктерін білу

негізінде белгілі бір баламен және оның ата-анасымен диалог өнері ретінде қарастыру ұсынылады.

БАЛАБАҚШАДА ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

1. Педагогтің мерекені ұйымдастыруды жоспарлауы мереке тақырыбын таңдаудан басталады.

Ұсынылатын тақырыптар: «Кел, Жаңа жыл!»; «Қысқы ертегі»; «Құтты болсын жаңа жыл!». Әдістемелік кеңесте басқа да қызықты тақырыптарды қарастырып, бірлесіп таңдауға болады.

2. Мереке сценарийін жас топтарының тәрбиешілері музыка жетекшісімен бірге құрастырады. Оны талқылау міндетті түрде балабақшада жұмыс істейтін педагогтер ұжымымен бірге жүргізіледі, олар сценариймен танысады, сондай-ақ рөлдер мен міндеттерді өзара бөліседі: атрибуттарды, костюмдерді дайындау, безендіру жұмыстарының дизайнына және қауіпсіздік шараларына мән беріледі.

3. Атрибуттарды, костюмдерді дайындауға, музыка залын безендіруге, сондай-ақ сценарий құрастыруға ата-аналарды тарту өте маңызды. Мерекені балалардың, ата-аналардың, педагогтардың қатысуымен балабақшаның өз мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастыру қажет және жеке ақылы қызмет көрсететін аниматорлар мен бөгде адамдарды шақырудың қажеттілігі жоқ.

4. Баланың мерекеге деген қызығушылығын жоймай, оның мерекеден алатын әсерін қалдыру үшін үнемі жалпы дайындық жүргізу ұсынылмайды.

5. Педагог балаларға жаңа жыл мерекесі, оның өткізілуі, кейіпкерлер туралы әңгімелеп береді, өлеңдер, әндер, билер, ойындар үйретеді, қолдан бұйымдар жасайды, суреттер салады. Мерекені күтудің әсерлі көңіл-күйін қалыптастырады.



ұйымдастыру және т.б.).

6. Жаңа жыл мерекесінің мазмұны балалардың жас ерекшеліктері, қызығушылықтары, үйренген репертуары ескеріле отырып құрылады. Мереке бағдарламасында түрлі әрекеттер үйлестірілуі тиіс (топтық және жеке орындау, ертегілерді сахналау, би билеу, ойындар, конкурстар

7. Балалардың тез жалығатындығын ескере отырып, мереке желісінің түрлі қызықты белсенді әрекетке ауысып отыруына мән беріледі.

8. Мереке бағдарламасы балалар мерекені толықтай көріп, көңіл көтеруге барлығы қатыса алатындай етіп құрылуы тиіс. Бала өзі қатысып билегенде, ойнағанда, ән айтқанда ғана көңілі көтеріледі. Балаларға конкурс, ойын арқылы өздерін көрсетуге мүмкіндік беру керек.

9. Жаңа жыл мерекесін өткізу форматы әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы: ертегіні сахналау; жаңа жылдық квест; дене шынықтыру ойын-сауықтары; саяхат және т. б.



10. Жаңа жыл мерекесін өткізудегі маңызды сәт залды безендіру. Мерекені безендірілмеген бөлмеде өткізуге болмайды, себебі безендірулер балаларда жағымды эмоция тудырады және мерекелік атмосфера қалыптастырады. Залды, дәлізді, топты шығармашылықпен безендіру, мерекедегі жеке орындауға костюмдер мен атрибуттарды дайындау балалардың қызығушылығын тудырады, оларды ерекше әсерге бөлейді.

11. Мерекелерді күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады, бірақ балалардың жасына байланысты олардың ұзақтығы 20 минуттан 1 сағатқа дейінгі аралықта болуы керек.

БАЛАБАҚШАДА 8 НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕНІ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Педагогтің мерекені ұйымдастыруды жоспарлауы мереке тақырыбын таңдаудан басталады. Ұсынылатын тақырыптар: «Анамның күні – 8 наурыз!»; «АЛ, КӘНЕ ҚЫЗДАР!»; «АНАМНЫҢ АРМАН ЕЛІНЕ САЯХАТ»; «АНАНЫҢ МАМАНДЫҚТАРЫ». Әдістемелік кеңесте бірлесіп талқылау арқылы басқа тақырыптарды таңдауға болады.

2. Мереке сценарийін жас топтарының тәрбиешілері музыка жетекшісімен бірге құрастырады. Оны талқылау міндетті түрде балабақшада жұмыс істейтін педагогтер ұжымымен бірге жүргізіледі, олар сценариймен танысады, сондай-ақ рөлдер мен міндеттерді өзара бөліседі: атрибуттарды, костюмдерді дайындау, безендіру жұмыстарының дизайнына және қауіпсіздік шараларына мән беріледі.



3. Атрибуттарды, костюмдерді дайындауға, музыка залын безендіруге, сондай-ақ сценарий құрастыруға ата-аналарды тарту өте маңызды. Мерекені балалардың, ата-аналардың, педагогтардың қатысуымен балабақшаның өз мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастыру қажет және жеке ақылы қызмет көрсететін аниматорлармен бөгде адамдарды шақырудың қажеттілігі жоқ.

4. Баланың мерекеге деген қызығушылығын жоймай, оның мерекеден алатын әсерін қалдыру үшін үнемі жалпы дайындық жүргізуі қажет.



5. Педагог балаларға 8 наурыз халықаралық әйелдер күні, оның салт-дәстүрі туралы әңгімелеп береді, өткізілуі, әндер, билер, ойындар үйретеді, қолдан бұйымдар жасайды, суреттер салады. Мерекені күтудің әсерлі көңіл-күйін қалыптастырады.

6. Мерекенің мазмұны балалардың жасерекшеліктері, қызығушылықтары, үйренген репертуары ескеріле отырып құрылады. Мереке бағдарламасында түрлі әрекеттер үйлестірілуі тиіс (топтық және жеке орындау, ертегілерді сахналау, би билеу, ойындар, конкурстар ұйымдастыру және т.б.)

7. Балалардың тез жалығатындығын ескере отырып, мереке желісінің түрлі қызықты белсенді әрекетке ауысып отыруына мән беріледі.

8. Мереке бағдарламасы балалар мерекені толықтай көріп, көңіл көтеруге барлығы қатыса алатындай етіп құрылуы тиіс. Бала өзі қатысып билегенде, ойнағанда, ән айтқанда ғана көңілі көтеріледі. Балаларға конкурс, ойын арқылы өздерін көрсетуге мүмкіндік беру керек.

9. Мерекені өткізу форматы әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы: ертегіні сахналау; саяхат, байқау, концерт және т. б.



10. Мерекені өткізудегі маңызды сәт залды безендіру. Мерекені безендірілмеген бөлмеде өткізуге болмайды, себебі безендірулер балаларда жағымды эмоция тудырады және мерекелік атмосфера қалыптастырады. Залды, дәлізді, топты шығармашылықпен безендіру, мерекедегі жеке орындауға костюмдер мен атрибуттарды дайындау балалардың қызығушылығын тудырады, оларды ерекше әсерге бөлейді.



11. Мерекелерді күннің бірінші жартысында да, екінші жартысында да тақырыптан ауытқымай өткізу керек. Балалардың жасына байланысты олардың ұзақтығы 20 минуттан 1 сағатқа дейін болуы керек.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА 1 МАМЫР МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІНІҢ ТАРИХЫ



1 мамыр күні барлық қазақстандықтар **Қазақстан халқының бірлігі** мерекесін атап өтеді. Мереке идеологиялық тұрғыдан өте үлкен біріктіруші рөл атқарады, халқымыздың рухани бірлігін, мәдениеттердің алуан түрлілігін және олардың өзара толығын бейнелейді.

Тарихи қазақ жерінде ғасырлар бойы әртүрлі мәдениетті, дінді және салт-дәстүрлі халықтардың тағдырлары тоғысты.

Екі өркениеттің тоғысында орналасқан бұл берекелі жер Батыс пен Шығысты, христиандар мен мұсылмандарды жалғай отырып, барлық уақытта да әртүрлі халықтардың, мәдениеттер мен діндердің байланыстырушы буыны болып келді. Бүгінде қазіргі этносаяси үрдістер жағдайында Қазақстан ерекше миссияны - Еуразия құрлығында бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету мақсатында халықтарды біріктіруге талаптанып отыр.

Тәуелсіздігімізді алған сәттен бастап тұрақтылықты, азаматтық татулық пен келісімді нығайту мемлекеттің ішкі саясатының негізқалаушы принциптеріне айналды.

Еліміздің Конституциясы этностық, нәсілдік, діни және өзге де жағдайларына қарамастан барша азаматтардың мүдделерінің қорғалуына кепілдік береді. Негізгі Заңның нормалары қоғамдағы сенім мен өзара сыйластық негіздерін қалыптастырды.

Қазақстанның саяси жаңалығы нәтижесінде аяғынан нық тұрған айрықша институт - Қазақстан халықтарының Ассамблеясы жұмыс істейді. Ол мемлекеттік ұлттық бірлік саясатының сенімді тірегі бола отырып, этносаралық және конфессияаралық келісімнің басты тетігі ретінде тұрақтылықты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Ел дамуының жаңа міндеттері аясында бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметіндегі жаңа басымдықтар айқындалды - халықтың бірлігін, азаматтылығын, мемлекеттік тілді нығайту, патриотизмді тәрбиелеу.

Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі халықаралық деңгейде мойындалды. Қазақстан халқы Ассамблеясы делегациясының әлемнің жетекші елдеріне сапары барысында ұлт көшбасшысы мен Қазақстанның бітімгерлік әлеуеті жоғары халықаралық бағасын алды.

Қазақстандағы құрылып жатқан білімдік және мәдени тілдік орта, ақпараттық-мәдени объектілер: Достық үйлерінің, ұлттық театрлардың, мұражайлардың, БАҚ-тардың болуы мемлекеттің мәдени әлеуетінің дамуына өз үлесін қосады.

МЕРЕКЕНІҢ МАҚСАТЫ - тұрақтылық пен этносаралық келісімді нығайту, мәдениетаралық үндесудің қазақстандық моделінің жетістіктерін көрсету.

МЕРЕКЕНІҢ МІНДЕТТЕРІ:

- тұрақтылық пен азаматтық татулыққа қол жеткізудің негізқалаушы факторлары ретіндегі мемлекет құраушы ұлттың біріктіруші рөлі, достық пен этносаралық келісім, қазақстандық патриотизм негізінде халықтың бірлігі, ізгілік, татулық пен келісім идеяларын насихаттау;
- қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын, этностық топтардың салт-дәстүрлері мен мәдениетін сақтау және дамыту, олардың әрі қарай өзара баюы, солардың негізінде өскелең ұрпақтың дүниетанымындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды тәрбиелеу;
- мемлекеттің мәдениетаралық үндестік саласындағы жетістіктерін насихаттау, оның басымдықтары саяси және азаматтық бірлікке, мемлекеттің және біртұтас Қазақстан халқы ұғымының негізін құрайтын әртүрлі этностық топтар азаматтарының мүдделері мен тағдырларының ортақтығына ұмтылу болып табылады;
- қазақстан халқының болмысын айқындайтын жалпыадамзаттық құндылықтарды - ізгілікті, өзара сыйластықты, ұрпақтар сабақтастығын, қонақжайлылық пен төзімділікті қалыптастыруды нығайту.

МЕРЕКЕНІҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК МАЗМҰНЫ

Мерекенің басты басымдықтары - идеялық бағыттылық, барлық ата-аналар мен балалардың қамтылуы.

Мерекенің идеологиясы - мерекенің негізгі арқауы болып табылатын халықтың бірлігі, жалпыадамзаттық құндылықтар, ізгілік пен қарым-қатынас мәдениеті идеялары. Мемлекеттік мерекенің негізгі идеяларының бірі - барлық этностарды бірегей тарихи-мәдени мұра мен рухани байлыққа ие мемлекет құраушы ұлт ретіндегі қазақ халқының айналасына біріктіруді қамтамасыз ету.

Айрықша ерекшеліктері - жылдың көктемгі (жылы) кезеңі және мерекеге қатысудың бұқаралық сипаты. Бұл іс-шараларды мерекелік залда немесе топ бөлмесінде ғана емес, балабақша/мектеп ауласында, алаңында өткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі шеңберінде мына бағыттағы іс-шараларды өткізу ұсынылады:

- ертеңгіліктер (*кіші, ортаңғы топтарда*);
- балалар мен ата-аналардың қатысуымен өтетін концерттер (*ересек, мектепалды топ/сыныпта*);

- отбасының қатысуымен спорттық және мәдени іс-шаралар (ересек, мектепалды топ/сыныпта);
- мәдени-бұқаралық - Қазақстан халқы достығы фестивалін өткізу (мектепалды топ/сынып үшін).

Осы Ұсынымдар негізінде педагог мерекеге дайындық пен оны өткізу жоспарларын әзірлеп, іс-шаралар нысандары мен оны өткізу орындарын анықтайды.

Мерекеге дайындық пен оны өткізу кезінде маңызды шарт жағымды аура, сенім мен өзара сыйластық, еркіндік және мәжбүрlemeушілік атмосферасын жасау, Қазақстан халқының ұлттық киімін, салт-дәстүрлері мен ұлттық тағамдарын көрсету болуға тиіс.

Ақпараттық-идеологиялық жұмыс бейбітшілік пен келісім идеологиясын насихаттауға, азаматтардың әлеуметтік оптимизмін, болашаққа деген сенімділік сезімін нығайтуға бағытталуы қажет. Ата-аналар мен шақырылған қонақтарға арнап, осы мерекенің балалар үшін құндылығы мен маңыздылығы жазылған бағдарлама мен әдемі шақыру хат, электронды ашық хаттар жасау керек.

ЭМБЛЕМАСЫ МЕН НЫШАНЫ өз мазмұны бойынша басты идеяға - бейбітшілік пен келісім салтанатының идеясына жауап береді. Мерекенің эмблемасын әзірлеу кезінде түр-түстің үйлесімі сенім мен достықты бейнелейтін жасыл, көгілдір, ашық-күлгін, қызғылт-ақшыл көк түстерді пайдаланған жөн.

Салтанатты іс-шаралар кезінде қоғамды біріктіруші және мемлекеттік дүниетанымды тәрбиелеуші фактор ретіндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану қажет.

ҰЙЫМДАСТЫРУ РЕСУРСТАРЫ

Қазақстан халқының бірлігі күнін мерекелеуге арналған іс-шаралардың бірыңғай идеялық мазмұнын қамтамасыз ету мақсатында, барлық тәрбиешілердің (жас топтары бойынша), басқа да педагогтардың іс-қимылдарын үйлестіру үшін балабақша бірыңғай жоспар құруы қажет.

Мерекені ұйымдастырушылар тек педагогтер ғана емес, ата-аналар да болуы керек. Ата-аналардың, баланың отбасының іс-шараларға көрермен емес, қатысушы ретінде тартылуы маңызды.

МЕРЕКЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

1. Педагогтың мерекені ұйымдастыруды алдын-ала жоспарлауы мереке тақырыбын таңдауды қамтиды. Ұсынылатын тақырыптар: «Әрқашан күн сөнбесін!»; «1 мамыр - көктем және еңбек мерекесі»; «Еңбекпен ел көгерер»; «Достық пен ынтымақ - береке бастауы»; «Бейбітшілік жасасын!»; «Бар мамандық маңызды, бар мамандық қажетті»; «Мамандықтар еліне саяхат»; «Еңбек – береке бастауы»; «Біз бейбітшілік пен достық мерекесін қарсы аламыз!»; «Қош келдің, шуақты көктем!» және Әдістемелік Кеңестің шешімі бойынша т.б. тақырыптар таңдалуы мүмкін.

2.Мереке сценарийін музыкалық жетекшімен бірге балалардың жасына сәйкес өз тобының тәрбиешілері жасайды. Оны талқылау міндетті түрде балабақшада жұмыс істейтін педагогтермен бірге жүзеге асырылады, олар сценариймен танысады, рөлдер мен міндеттерді өзара бөледі: атрибуттарды, костюмдерді, безендіру дизайнын дайындаумен кім айналысатынын анықтайды. Қауіпсіздікті сақтау ерекше бақылауда болуы керек.

3.Ата-аналарды атрибуттарды, костюмдерді дайындауға, залды безендіруге, сондай-ақ сценарий жасауға тарту өте маңызды. Мерекені балалар, ата-аналар, педагогтердің қатысуымен, балабақшаның өз мүмкіндіктерін ескере отырып, өз күшімен ұйымдастыру қажет. Аниматорларды және басқа ақылы қызмет көрсететін бөгде адамдарды шақыруға тиым салынады.

4.Сценарий желісімен жалпы дайындық жасамаған дұрыс. Бұл балалардың мерекені әсерлі қабылдауын сақтауға көмектеседі.

5.Педагогтер балаларға мереке, оның дәстүрлері туралы алдын-ала айтып береді, өлеңдер, әндер, билер, ойындар үйренеді, қолөнер, ашық хаттар жасалады, суреттер көрмелері ұйымдастырылады. Мерекені күту атмосферасы орнайды.

6.Мерекенің мазмұны балалардың жас ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтарын, үйренген репертуарын ескере отырып құрылады. Мереке бағдарламасында әртүрлі іс-шаралар (топтық және жеке орындау, сахналау, би, ойындар, конкурстар, спорттық жарыстар және т.б.) үйлесімді жалғасқаны жөн.

7.Бұл жастағы балалардың тез шаршайтынын ескере отырып, бағдарлама желісінде белсенді әрекет түрлерін кезектестіріп, ауыстырып отыру қажет.

8.Бағдарламаны балалар бүкіл мерекені көруге, жалпы көңіл көтеруге қатыса алатындай етіп құру керек. Бала өзі қатысқан кезде ғана одан әсер алады (ойнайды, ән айтады, билейді, өлең оқиды). Балаларға байқау, ойын, эстафета арқылы өздерін көрсетуге мүмкіндік беру керек.

9.Мерекені өткізудің ұсынылатын нысандары:

- ✓ мерекелік ертеңгіліктер,
- ✓ саяхат,
- ✓ эстафета,
- ✓ фестиваль,
- ✓ музыкалық-спорттық ойын-сауық,
- ✓ ойындар, квесттер,
- ✓ концерттер,
- ✓ суреттер, ашық хаттар және т. б. байқаулар.
- ✓ Отан, бейбітшілік, достық және т. б. туралы әндердің (өлеңдердің) челленджері.

10.Мерекені өткізудегі маңызды сәт - залды безендіру. Безендіру жағымды эмоциялар береді және тұтастай алғанда мерекелік көңіл-күй тудырады. Залды, дәлізді, топты безендірудегі, костюмдер мен атрибуттарды мерекенің жеке нөмірлеріне дайындаудағы тапқырлық пен шығармашылық,

балалардың назарын аударады және олардың жүректерін қанағат, қуаныш сезімімен толтырады.

11. Қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністерінің көрсетілмеуі үшін материалдың сюжеті қызықты және тартымды болуы өте маңызды.

12. Іс-шараларды, тақырыптан ауытқымай, күннің бірінші жартысында да, екінші жартысында да өткізуге болады. Балалардың жасына байланысты олардың ұзақтығы 20 минуттан 1 сағатқа дейін болады.

Ескерту. Іс-шаралар балалардың өмірлік тәжірибесін байытуы, мейірімділік пен еңбекқорлықтың жақсы үлгісін көрсетуі, жаңа білімге деген қызығушылықты оятуы, шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуі, бейбітшілікті және достықты насихаттауы тиіс.

Үлгі ретінде, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің іс-шараларды ұйымдастыруының бірнеше мысалдарын, сондай-ақ қосымша ресурстарды қарауды ұсынамыз.

Ресурстарға сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=sHNx8jrYoDs&pp=ygUR0LjRgNGA0LQgMSDQvNCw0Y8%3D>

https://www.youtube.com/watch?v=iqPTnI2d_ZM&pp=ygUV0LjRgNGA0LQg0LPRg9C70YHQuNC8

<https://youtu.be/fylKvKbt6UI>

<https://www.youtube.com/watch?v=xRTZbMoOVdE&pp=ygUf0LjRgdCw0LjQvdC-0LLQsCDQs9GD0LvRjNGB0LjQvA%3D%3D>

https://youtu.be/KN0_dp56gYE

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/imp/IMP_kz_2022_23.docx

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2022/12/rukovodstvo_kz_131222.pdf

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N100013910/_history

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА 7 МАМЫР МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ МЕРЕКЕСІНІҢ ТАРИХЫ



1992 жылы 7 мамырда еліміздің ұлттық қарулы күштерін құру туралы жарлыққа қол қойылды.

2012 жылы 4 қазанда Парламент «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы қабылдап, 7 мамыр мемлекеттік мереке мәртебесін алды.

Бүгінгі күні, 7-мамыр — Отанымыздың шекарасын күзетіп,

бейбітшілігі бұзылмауына, тәуелсіздігі мәңгілікке жалғасуына үлес қосқан ардагерлердің, олардың ізін жалғаған жаужүрек ұлдардың, абыройы асқақ

азаматтардың мерекесі. Біздің қауіпсіздігімізді, отбасымыздың ашық аспан астындағы тыныштығын, бейбіт таңдарымызды күзететін ерлеріміздің мерекесі.

Тарих сабақтары бізге өткен жолды бағалау үшін ғана емес, болашаққа қадам басудың сенімді бағдарларын таңдау үшін де маңызды. Осыған байланысты бұл мерекенің ұрпақ санасында Отанына адалдық, патриоттық рух қалыптастырудағы мәнін ескере отырып, оның нысаны мен идеологиялық мазмұнын Отан қорғаушыларға құрмет көрсетуге, еліміздің ерлерін өнеге тұтуға, елін сүйуге тәрбиелеуге бағыттау ұсынылады. Қазақтың батыр ұлдары мен қыздары ғасырлар бойы елі мен жерін жауынан қорғап, ұрпағына аманат етіп келеді. Сондықтан, «Отан қорғаушылар күні» мерекесі осы ізді жалғастырушы ұрпақтың алдындағы қастерлі міндетін түсіндіретін, бойына ұлттық рух дарытатын, жігерін шыңдайтын, болашаққа сенім қалыптастыратын ерекше тәрбиелік мәні бар шараларды қамтуы тиіс.

Бұл мақсатта:

- бейбітшілікті сақтау жолында адамзаттың соғыс пен зорлық-зомбылықтың кез келген көрінісін қабылдауға болмайтындығы жағына баса көңіл бөле отырып, мерекенің идеологиялық мазмұнын кеңейту;
- интеграциялану идеясын елдің ұлттық қауіпсіздігінің, Қазақстанның күллі халықтары ұрпақтарының бірлігі мен сабақтастығын нығайту факторы ретінде насихаттай отырып, мерекенің отансүйгіштік бағыттылығын күшейту;
- Отанға адал қызмет етудің ел іргесін нығайта түсетінін, халықтың болашаққа сеніммен қарауына тірек болатынын, жастардың бойында өз еліне деген мақтаныш сезімінің қалыптасуына негіз болатынын көрсету қажет.

МЕРЕКЕНІҢ МАҚСАТЫ — Отан қорғаушылардың ерлігіне құрмет көрсету. Ұрпақ санасында ерен еңбекке құрмет көрсету, Отанын қастерлеп сақтау түсінігін қалыптастыру. Қасиетті жерімізді, дархан даламызды ұрпағына сақтап, жеткізген ата-бабаларымыз бен батыр ұлдарымыздың теңдессіз ерлігі мен жанқиярлығын насихаттау, елінің амандығы жолындағы Отан қорғаушылардың теңдессіз үлесін бағалау.

МЕРЕКЕНІҢ МІНДЕТТЕРІ:

- жас ұрпақты патриотизмге, Отан қорғауға дайын болуға және ұрпақтар бойында тарихи сабақтастықты жете түсінуге тәрбиелеу;
- төзімділік, ашықтық, әлемнің күллі мемлекеттерімен сыйластық тату көршілік қарым-қатынастар сезімін қалыптастыру;
- проблемалар алдында рухтың күштілігін, ержүректілікті, өзіндік тәртіпті, тізе қосуды, өзара көмекті, табандылықты насихаттау;
- соғыс және еңбек ардагерлерін, қарияларды құрметтеуге және сыйлауға үйрету;
- жастардың мерзімді әскери қызметке шақырылып, Отан алдында оны қорғауға әрқашан дайын болатынын, оны өзінің азаматтық борышы деп түсінетінін ұғындыру.

